

**Экономикалық Үлтымақтастық Ұйымының (ЭЫҰ) Транзиттік тасымалдар жөніндегі Бас келісіміне қосымшаларының мәтіндеріне қол қою туралы Хаттамаға қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 21 сәуір N 617

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын жасасу, орындау және күшін жою тәртібі туралы" 1995 жылғы 12 желтоқсандағы N 2679 U952679\_ заң күші бар Жарлығының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 9 мамырда Алматы қаласында жасалған ЭЫҰ-ның Транзиттік тасымалдар жөніндегі Бас келісіміне қосымшаларының мәтіндеріне қол қою туралы Х а т т а м а м а қ ұ л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі

Біржан Бейсекенұлы Қанешевке қосымшалар мәтіндеріне редакциялық сипаттағы өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіліп, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан ЭЫҰ-ның Транзиттік тасымалдар жөніндегі Бас келісіміне қосымшаларының мәтіндеріне қол қою туралы Хаттаманы жасасу уәкілеттігі берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.